

Ұлы ағартушының есімі ұлықталды



Қазақ халқының көзін ашып, өзге елдерден кем қылмауға талпынып, осы жолда ауқымды іс атқарған ағартушы, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толды. Ұлы тұлғаның туған күніне арнап ағар-

тушы атындағы институт кешенді шаралар ұйымдастырды.

Ыбырай бабамыз 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге есігін ашқан еді. Әкесі Алтынсары өмірден ертерек өтіп, ел билеген Балқожа атасы алғыр немересін бала кезден орысша оқытып, білімге ден қоюына жағдай жасайды. Текті ұл үмітті ақтап,

халқы үшін аянбай еңбек етті. Орынбор облысының әкімшілігінде аудармашы бола жүріп, көп нәрсені көкейге түйді. Торғайға қоныс аударып, 1864 жылы қазақ балаларына арналған алғашқы мектебін ашты. Қазақ даласында алғашқы болып Ырғызда қыз балаларға арналған мектеп – интернатын ашуы да үлкен ерлік іс болатын. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын және «Қазақтарды орыс тіліне оқытуға арналған бастапқы оқулық» дидактика-

лық құралын жазды. Ағартушының ел игілігі үшін жасаған басқа да үлкен жұмыстары, қалдырған мол мұралары бар.

Осылайша халқына қалтқысыз қызмет еткен Ыбырай Алтынсариннің туған күнінде ұлы тұлғаның бюстіне гүл шоқтары қойылып, Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Түбекбай ӘУБЕКІРОВ, институттың басқарма төрағасы – ректор Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ сөз алып, бабамыздың қазақ халқы үшін

жасаған зор еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын тілге тиек етті.

Ағартушының 180 жылдығына арналған шара: «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» аталған Халықаралық ғылыми – тәжірибелік онлайн конференция, «Ұлттың Ұлы Ұстазы» аталған дөңгелек үстел және ақындар айтысымен жалғасын таппақ.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ